

# егемен Қазақстан

## Дәуір және дара тұлға Жанқожа батыр 240 жыл



Тарихи тұлғалардың арасында қазақ батыры – Жанқожа Нұрмұхаметұлының алатын орны ерекше.

Бұл бабамыздың тұлғалық рөлін білу үшін ол өмір сүрген заманды, яғни XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың 60-шы жылдары аралығын жете түсінуіміз қажет. Бұл заман – қазақ халқы үшін елдіктен айырылу, қазақ мемлекеттілігі үшін күйреу, отаршылдықтың қамытын басқа кию кезеңі болды. XVIII ғасырдың 30-шы жылдары дипломатиялық жолмен басталған Ресейдің Қазақстанды бағындыруы XIX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында әскери жолмен аяқталғаны белгілі. Жанқожа батырдың бүкіл

ғұмыры осы жаулап алудың соңғы кезеңіне тұспа-тұс келіп, отаршылдық езгіге қарсы күреспен өтеді.

Алдымен, сол заманның көріністерін көз алдымызға келтірейік. Өз мемлекеті бар халық – бақытты халық. Ал мемлекеті жоқ халық – жетімнің күйін кешеді.

Мемлекеттің басты міндеттерінің бірі – елдің аумағын сыртқы жаулардан қорғауды ұйымдастыру, ішкі тәртіптерді сақтау және сол сияқты халықтың бейбіт, тыныш өмір сүруіне жағдай жасау болса керек.

Қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті – Қазақ хандығы өз тарихында екі үлкен дәуірді басынан өткерді. Біріншісі – бір орталықтан басқарылатын кезең болса, екіншісі – бытыраңқылық кезең. Бірінші кезеңге Керей мен Жәнібек хандардан Тәуке ханға дейінгі тарихи уақыт жатады. Ал екінші кезең Тәуке ханның қайтыс болған кезінен Кіші жүзде Шерғазы ханға дейінгі, Орта жүзде Уәли ханға дейінгі, яғни ХІХ ғасырдың 20-шы жылдарының ортасына дейінгі аралықты қамтиды.

Бір ғасырдан астам уақытқа созылған бытыраңқылық кезең өз ішінде бірнеше сатыларға бөлінеді. Әрбір сатыға үңілер болсақ, мемлекеттілігіміздің күйреу үрдісінің тереңдеуін байқаймыз. Әр сатыдағы барлық мәселелерді қарастырмай-ақ олардың негізгілерін қысқаша атап өтелік.

Қазақ мемлекеттігін жою барысындағы Ресейдің алғашқы жасаған қадамына – билеуші топ өкілдерінен орыс патшасына адалдығы жөнінде ант алу мен олардың бір ұлын аманат ретінде ұстап отыру жатты. Бұл қадамды Кіші жүзде Орынбор әкімшілігі өте шебер жүргізе алды.

Келесі қадамға хан сайлау мәселесі бойынша негізгі мәселелердің бірі – сайланған жаңа ханды бекіту құқығын өз қолына алуы жатады. Бұған дәлел ретінде, Әбілқайыр ханның мұрагері Нұралыны Ресейдің хан деп бекітуі жатты. Кіші жүздің белгілі ру-тайпа басшылары Әбілқайырдың үлкен ұлы Нұралы сұлтанды хан етіп сайласа да, Ресей жағы оны патшаның бекітуі міндетті деп талап қояды. Соған байланысты Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтың араласуымен Нұралы орыс патшасына өтініш білдіріп, өзін хан етіп бекітуді сұрайды. Осылайша, Ресей Нұралыны хан етіп бекітуі арқылы өзінің саяси отарлауын бір қадам болса да алға жылжытады. Бұл – Ресейдің қазақ жерлерін саяси отарлау мен қазақ мемлекеттігін жоюдағы кезекті жеңістерінің бірі болып саналды.

Кіші жүздегі саяси отарлауды одан әрі тереңдетудегі Ресейдің келесі қадамына – халықтың хан сайлауын өзгертіп, оның орнына ханды патшаның өзі тағайындау принципін енгізуді қолға алуы жатады.

Қазақстанда мемлекеттілікті түпкілікті түрде жою мақсатында Ресей жағы мүмкін болған әдістәсілдің бәрін қолданып бақты. Солардың біріне – хандық биліктің рөлін мүмкіндігінше әлсірету жатты. Сол мақсатта ХVІІІ ғасыр соңындағы жергілікті халықтың наразылығын Ресей билігі хан билігіне қарсы бағыттайды. Жергілікті билер мен старшындарды, оның ішінде Сырым батырды қолдап, хан билігін одан әрі әлсірете түседі. Ақыры Орынбор әкімшілігінің басшысы барон О.А.Игельстром 1785 жылы Кіші жүз ақсақалдарының қолымен Нұралыны биліктен алу жөніндегі шешімге қол жеткізеді. Ал 1786 жылы 3 маусымда ІІ Екатерина Нұралыны хан билігінен алу туралы жарлық шығарады. Сөйтіп, Кіші жүзде 40 жылдай хан болған Нұралы Орынборға шақыртылады да, ол жақтан Уфаға жіберіледі. Ал Кіші жүз аумағында жергілікті басқарудың жаңа түрлері енгізіле бастады.

Қазақ жерінде саяси отарлау мен мемлекеттікті жою бағытында Ресейдің келесі жаңа қадамы, ол – билікке үміткерді өзі таңдауы болатын. Осындай мақсатпен 1791 жылы Нұралы ханның туған інісі Ералы ешбір сайлаусыз хан болып тағайындалды. Осылайша, Әбілқайыр ұрпақтары арасынан кімнің хан болуы енді тікелей Ресейдің құзыретінде қалдырылады да, бұл құзыреттілік кейінгі жылдары одан әрі кеңейтіле түседі. Мысалы, 1794 жылы Ералы хан қайтыс болып, Нұралының тұңғыш ұлы Есім таққа отырғызылады. Ж.Қасымбаевтың пікірінше, Есімнің таққа келуіне Орынбордың жаңа басшысы Вязьмитинов көп күш салады. Өйткені, Есім – Әбілқайыр ханның көп ұрпақтары

арасындағы әлсіздеу, көзге түспеген, ешқандай айрықша белгілерімен байқала қоймаған болатын. Бұл жерде Ресей жағы жаңа ханды тағайындауда онша көп қиындықтарға тап бола қойған жоқ.

1797 жылы Сырым Датұлы көтерілісшілерінің Есім ханды өлтіруі – бүкіл даланы дүр сілкіндірген оқиғалардың бірі болды. Бұл әрекет, біріншіден, Ресейдің жоспарына кірмесе де, ханды қарапайым халық өкілдерінің өлтіруі отарлаушылардың түпкі мақсаттарына сай келетін. Екіншіден, бұл оқиға хандық биліктің өте әлсіз екендігін және хан беделінің қарапайым халық арасында өте төмен екендігін көрсетеді. Міне, осындай оқиғалардан кейін Кіші жүздің солтүстік-батыс аумағында жаңа хан тағайындау мәселесінде барлық құқықты Ресей жағы өз қолына алады. Жаңа хан сайлау мәселесінде Нұралы ханның ұлдары өздерінің арасынан хан болуға лайықты адамын алға шығарады. Ол – Нұралы ханның Есім ханнан кейінгі екінші ұлы Қаратай сұлтан болатын. Л.Мейердің жазуы бойынша, қазақтардың басым бөлігі өздерінің билеушісі ретінде жігерлі де, қайратты Қаратай сұлтанды қалаған. Бірақ Қаратай сұлтанның кандидатурасы Орынбор әкімшілігіне ұнамайды. Өйткені, оның жігерлілігі мен қайраттылығы, дербестігі мен еркін шілдігі Ресейдің ұзақ жылдар бойы Кіші жүз аумағында жүргізген саясатын жоққа шығаратын. Сол себепті де, Қаратай сұлтанның кандидатурасынан Орынбор әкімшілігі бас тарта отырып, себебін қазақ халқының хандық билікті мұралану жолымен байланыстырады. Олардың негіздеуі бойынша Қаратай сұлтан 1771 жылы қолға түскен қалмақ қызынан туған. Ресей жағының бұл негіздеуін Айшуақсұлтан басқарып отырған Хан кеңесі амалсыздан мақұлдауға мәжбүр болады. Ал Орынбор әкімшілігі қазақтың салты бойынша билікке Әбілқайыр хан әулетіндегі ең жасы үлкен адамды ұсынады. Бір жағынан Айшуақтың кандидатурасы қазақтың хан таңдау дәстүріне сай келсе де, оның жасының келуіменденсаулығының нашарлығы қазақтар арасынан оған қарсы топтың пайда болуына алып келді. Соған қарамастан Ресей өз талабын Хан кеңесіне мойындатқызып, аймақта толық қожайынның кім екендігін дәлелдеп береді. Ал Хан кеңесі болса амалсыздан бұны қабылдауға мәжбүр болады. Осылайша, 1797 жылы 78 жастағы Әбілқайыр ханның ұлы Айшуақ сұлтан таққа отырғызылады. Жас кезінде атақ-абыройы асқақтап, даңқы шартарапқа тараған Айшуақ сұлтан хан тағына отырған кезде «құлағы естімейтін, көзі өте нашар көретін, әбден қартайған» адам еді. Сөйтіп, Айшуақты хан тағына отырғызу арқылы Ресей Кіші жүз тағына хан әулеті ішінен өзі таңдаған, өзі қалаған адамды отырғыза алатындығын тағы да көрсетеді.

Айшуақ ханның билігі 8 жылға созылып, Кіші жүздің жетіру бірлестігінде 1805 жылға дейін созылады. Әбден жасы келіп, хандық міндетін атқаруға шамасы келмегеннен кейін ол патша үкіметінің келісімімен тақты үлкен ұлы Жантөреге береді. 1809 жылы Жантөре ханды саяси қарсыласы сұлтан Қаратай Нұралыұлы өлтіргені белгілі. Ал Айшуақ болса 1810 жылы 91 жасында қайтыс болады.

Мемлекеттікті жою бағытындағы соңғы қадамдардың бірі – оны бөлшектеу болды. Әлі де болса Ресейге бағына қоймаған Арал маңы мен Сыр бойындағы қазақ рутайпаларын есептемегенде жетіру мен байұлы бірлестіктері саяси жағынан алғанда бірнеше бөліктерге бөлініп кеткен еді. 1801 жылдан бастап Бөкей сұлтан өз қарамағындағылармен Ішкі Ордада, ешкімге бағынбаған Қаратай сұлтан далалы өңірлерде, Айшуақ ханның мұрагері, болашақ Кіші жүздің соңғы ханы – Шерғазы Орынбор маңында болатын. 1812 жылы I Александр патшаның жарлығымен Бөкей сұлтан – Ішкі Ордада, Шерғазы сұлтан – Жантөренің орнына хан болып бекітіледі. Шерғазы – Кіші жүз ханы болып саналса да оның билігін Қаратай сұлтан да, Ішкі Ордадағы Бөкей ханда, Сыр бойындағы рутайпа хандарыда мойындамады. Дәл осындай жағдай сол жылдары Орта жүзде де қалыптасады.

Енді Ресейдің қазақ мемлекеттігін жою үшін соңғы қадамды жасауы ғана қалады. Ол – арнайы заңмен хандық билікті басқа әкімшілік-басқару жүйесімен ауыстыру болатын. Орта жүзде 1819-1821 жылдары Бөкей мен Уәли хандар қайтыс болғаннан кейін жаңа хандар сайланбай, хандық билік жойылса, Кіші жүзде Шерғазы ханның өлуін

күтпей-ақ, Ресей 1824 жылы оны хандық биліктен алып, басқа қызметке отырғызады да, мұндағы хандық билікті тоқтатады. Сөйтіп, Ресейдің қазақ мемлекеттілігін жоюға бағытталған саясаты ұзақ мерзімге созылса да, ол үшін нәтижелі аяқталады.

Осылайша, XIX ғасырдың бірінші ширегінің аяғына таман қазақ жерінде мемлекеттілік күйреп, оның орнына ресейлік әкімшілік - басқару жүйесі орнығады. Бытыраңқылық кезеңдегі халықты – жартылай жетім десек, мемлекетінен толығымен айырылған қазақ халқын XIX ғасырдың бірінші ширегінің соңында нағыз жетім болды деуге болады. Бірақ халық жойылып кеткен жоқ. Өйткені, халқын қорғайтын тұлғалардың қашанда ел ішінен шығып отыратыны белгілі. Осындай қиын заманда Жанқожа батыр секілді тұлғаның тарих бетіне шығуы заңды құбылыс.

Жанқожа батыр заманындағы Қазақ жерінің батыс бөлігіндегі жалпы саяси жағдай осындай болатын. Енді батырдың өмір сүрген өңіріндегі нақты саяси ахуалға тоқталсақ.

XIX ғасырдың алғашқы ширегі Сырдың төменгі ағысы бойы мен Арал маңындағы қазақ халқы үшін өте шиеленісті жағдайда болды. Бір жағынан Ресей, екінші жағынан Хиуа өңірге өз үстемдігін жүргізуге ұмтылса, үшінші жағынан жергілікті билеуші топтың белсенді өкілдері жанған отқа май құйғандай, жеке-дара билікке таласып, жағдайды одан әрі ушықтырады. Осы жылдары өңірдің саяси өмірінде Арынғазы хан, Шерғазы Қайыпұлы, Жанғазы Шерғазыұлы (Мананбай), Қаратай сұлтан, Шерғазы хан Айшуақұлы, Хиуа ханы Мұхаммед Рахим хан және тағы басқа тұлғалар белсенділік көрсетеді.

Тарихтан белгілі 1811 жылға дейін Хиуа хандығы өз ішіндегі күрделі саяси жағдайларға байланысты Сырдың төменгі бойы мен Арал маңын бағындыруға күш сала алмаған болатын. Бұл өңірде де саяси ахуал өршіп тұрған еді. Қаракесек бірлестігіндегі, жетірудың құрамындағы рутайпаларды өздері сайлап алған хандар басқаратын және олар өздерін дербес билеуші ретінде ұстап, саясат жүргізетін. Әртүрлі руаралық кикілжіңдер шектен асып, қарулы қақтығыстарға ұласып отыратын. Шөмекейлердің ханы – Ералы сұлтанның ұлы Сұлтантемір хан болса, шектілердің бір бөлігін – Қайып ханның ұлы Әбдіәзиз хан, төртқараларды – Қайып ханның тағы бір ұлы Шерғазы хан, табындарды – Нұралыханның ұлы Қаратай хан басқарып тұрды. 1806 жылы Хиуа тағына келген Мұхаммед Рахим хан осы өңірдегі саяси жағдайды пайдаланып, өңір халқын бағындыруды көздейді. 1812 жылы қыста осы өңірдегі шөмекейлерді бағындыру үшін өзі бастап жорыққа шығады. Кенеттен болған соққыға қазақтар тойтарыс бере алмайды, Сұлтантемір хан қашып құтылады. Хиуа ханы 100 000 қой, 40 000 түйе, көптеген тұтқындар алып кері оралады. 1815 жылы ақпанда бес мыңдық Хиуа әскері шектілерге де кенеттен соққы беріп, мол олжамен кері қайтады. 1816 жылы желтоқсан айында мұндай жорық тағы да қайталаанады. Бұл Жанқожа батырдың елі болатын.

1815 жылы батыр сұлтан әулетінің өкілі, әлім руларының бір бөлігіне хан болған Әбілғазы қайтыс болып, орнына ұлы Арынғазыны жергілікті шекті руының бөлімшелері хан көтереді. Жігерлі Арынғазы хан Кіші жүзде орталықтанған саяси құрылымды қалпына келтіруді мақсат етеді және сол бағытта саясат жүргізеді. Сыр өңірін уысында ұстап отыруды көздеген Хиуа ханына Арынғазы ханның батыл іс-әрекеттері ұнамады. Хиуа ханы тарапынан болатын қауіп-қатерлердің алдын алу үшін Арынғазы хан Орынбор әкімшілігімен жақсы қатынас орнату мақсатында солтүстікке қарай жылжып қонады. Орынбор губернаторына хат жолдап, өзінің жұмыстарын баяндайды. Орынбор әкімшілігінен де хат алынып, онда мәселелерді талқылау үшін Орынборға шақырту алады. Сонымен бірге, Орынборға Қаратай сұлтан мен Шерғазы хан да шақыртылады. Шерғазы хан үшін Арынғазы ханның Ресей билігімен жақындасуы қауіпті болатын. Ол Арынғазыны өзіне бақталас санап, Орынбор әкімшілігі мен оның ортасына от қояды. Рулар арасындағы бітбейтін даулар мен кикілжіңдерді негізге алып, Шерғазы хан Арынғазы ханды губернатор алдында барынша қаралайды. Тіпті, өзін Арынғазыдан қорғау үшін орыстан әскер сұратады. Губернатор Г. Волконский қолтығындағы ханды қорғау үшін оған көмекке әскер жібереді. Ал Арынғазы хан болса, губернатордың мұндай ісінен кейін Орынборға бармай, керісінше, кері қайтады.

1817 жылы Орынбор әкімшілігіне П. Эссеннің басшы боп келуі Арынғазы ханның жағдайын біршама жақсартады. Жаңа басшы Кіші жүздің ішкі жағдайын, сауда байланыстарын реттеуді қолға алады. Өз атына келіп түскен арыздарды қарайды. Ең бастысы, таласушы екі тұлғаны татуластыруды көздейді. П. Эссен қарсылас жақтарды Орынборға шақырып, келіссөздер жүргізеді. Сөйтіп, Шерғазы Кіші жүздің ханы болса, Арынғазы Кіші жүздегі Хан кеңесінің төрағасы болып тағайындалады. Арынғазы ханның беделі күн сайын арта түсіп, керісінше, Шерғазы ханның жағдайы нашарлай түседі. Кіші жүз руларының басым бөлігі Арынғазы хан жағына шығады. 1817 жылы 400-ге жуық ру басылары өтініш хатын жазып, Арынғазыны Кіші жүздің ханы етіп тағайындауды сұрайды. Губернатор болса хатты негізге алып, Арынғазыны хан етіп тағайындау туралы патшаға ұсыныс жасайды. Осылайша, Арынғазы ханның Орынбор жақтағы істері жақсара бастайды. Бірақ Хиуаға байланысты істер кері кете бастайды. Оның басты себебі, Арынғазының кешегі одақтасы, әрі туысы Шерғазы Қайыпұлы Хиуа ханының араласуымен бетін оңтүстікке қарай бұрады. Ол Хиуаға кетіп, Мұхаммед Рахим ханның қабылдауында болады. Хиуа ханы оны Кіші жүздің ханы етіп тағайындайды. Шекті, шөмекей және төртқара тайпаларының 2500 шаңырағы оған бағынып, Хиуаға салық төлеп отыруға міндеттенеді. Осыдан кейін кешегі одақтастар – Арынғазы хан мен Шерғазы арасындағы қатынастар қатты шиеленісіп кетеді. Бірін-бірі талан-таражға салу, барымта, Хиуа ханының зекетшілерінің зорлықтары, ханның арнайы жіберген әскерінің тонаушылықтары, міне, осылардың бәрі сол жылдары орын алып, Сыр бойы мен Арал маңындағы жергілікті халықтың жағдайын қиындатып жібереді. 1819 жылы Шерғазы Қайыпұлы қайтыс болып, орнына ұлы Жанғазы (Мананбай) сұлтанды Хиуа билеушісі хан етіп бекітеді. Жағдай одан әрі ушыға түседі...

...XIX ғасырдың 20-40 жылдары қазақ халқының осы өңірдегі кешкен күйі осындай еді.

Жанқожа батырдың нағыз тұлғалық бейнесі осы жылдары анық байқалады. Хиуа ханына наразы күштердің Хиуа бекіністеріне шабуылдар жасайды, елден тартып алынған малдарды кейін қайтарады, тұтқынға алынған жандарды босатады. Тіпті, Хиуаның жазалаушы әскерімен ашық майданға шығып, оларды тас-талқан етіп жеңеді. Қоқан хандығының Сыр бойындағы бекіністеріне шабуылдар ұйымдастырады. Батырдың осындай әрекеттері оны ұлттық деңгейге көтереді. Осы ғасырдың 30-50 жылдары Жанқожа батыр Арал маңы мен Сырдың төменгі ағысы бойындағы ең беделді, ең танымал тұлғаға айналады. Бұл туралы арнайы зерттеулерде, ғылыми-көпшілік еңбектерде көп қарастырылған. Сол себепті де, біз бұл жерде батырдың қатысуымен болған әр оқиғаға талдау жасап жатпаймыз.

Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойы мен Арал теңізі маңы – XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей империясы мен Хиуа хандығы, Бұхар әмірлігі арасындағы халықаралық қатынастарда маңызды рөл атқарады. Қазақ халқының солтүстік пен оңтүстіктегі көршілері қазақ қоғамындағы бытыраңқылықты пайдаланып, осы өңірге түпкілікті түрде билік орнату үшін бәсекеге түседі. XVIII ғасырдың басында Ресей императоры І Петрдің қазақ даласы «Азияның кілті мен қақпасы» деген сөзі XIX ғасырдың бірінші жартысында да өз маңыздылығын жойған жоқ еді. Осы ғасырдың бірінші ширегіне дейін Қазақстанның батысы, солтүстігі, шығысы Ресейге бағындырылды, бірақ оңтүстік аймақтар, Сыр бойы Ресейден тәуелсіз еді. Ресейдің шығыстағы саясатының мақсаты Памир мен Тянь-Шаньға дейінгі жерлерді бағындыру, сол арқылы арзан шикізат көздерін иелену, өнеркәсіп өнімдерін өткізетін рынокқа айналдыру болатын. Бұл мақсатқа жету үшін алдымен әлі де болса бағындырылмаған қазақ жерінің оңтүстігін, Сыр бойы мен Арал маңын бағындыру міндеті тұрды. XIX ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап Ресей елшіліктері Қоқанға, Бұхараға және Хиуаға жіберіледі. 1800 жылы Бурнашев пен Пospelов басқарған экспедиция Ташкентке, 1803 жылы Гавердовский елшілігі Бұхараға, 1819 жылы Муравьев елшілігі Түркімения мен Хиуаға барады. Бұдан кейінгі жылдары да Ресей елшіліктері ортаазиялық хандықтарға жиі

келеді. Барлық елшіліктердің түп мақсаты біреу болатын, ол – Ресейдің болашақ отарлық саясатына қажетті ақ параттар жию еді.

XIX ғасырдың 20-шы жылдарында ағылшын және орыс өнеркәсіп тауарлары Орта Азия базарларында бәсекеге түсе бастады да, көп ұзамай сапасының жақсысына байланысты ағылшын тауарлары Ресей тауарларын жергілікті рыноктан ығыстырады. Мұндай жағдайдан қатты қауіптенген орыс үкіметі экономикалық бәсекелестіктен бас тартып, бірден әскери жолмен мәселені тез шешуді қолға алады.

Осылайша, екі империяның Орта Азияны бірден бағындыруға бағытталған әскери қадамдары артынан сәтсіздікке ұшырайды. Ресей болса енді өзінің бұрынғы жиі қолданатын әдісі – әскери бекіністер мен шептер салу арқылы Қазақстанның оңтүстік аймағы мен Сыр бойын, Арал маңын біртебірте бағындырып, содан кейін Орта Азияға енуді жоспарлайды. Ресейге өңір халқының Хиуа ханына деген көзқарасы белгілі еді және бұл жерде орыс бекінісінің салынуына қарсы тұрарлық күш жоқ та болатын.

Осылайша, XIX ғасырдың 40-50 жылдары Ресей билігі Орынбор мен Арал теңізі және Сырдың төменгі ағысы бойында бекіністер мен форттар салу арқылы, біріншіден, жаңа әскери шеп желісін құрады, екіншіден, ортаазиялық хандықтарға жақындайды, үшіншіден, Арал теңізі маңы мен Сырдың төменгі ағысы бойына мықтап табан тірей бастайды.

Жалпы алғанда, Арал маңы мен Сырдың төменгі ағысы бойына Ресей бекіністерінің салына бастауы Жанқожа батырдың Хиуаға қарсы жүргізген ұрыстарымен тұспа-тұс келді. Хиуа ханы да бар күшін салып, орыстардың Сыр бойына бекінуіне қарсылық көрсетеді. Жанқожа батыр бастаған жергілікті халықтың Хиуа езгісіне қарсы күресі мен орыс әскерінің Хиуа хандығымен соғысы оларды уақытша одақтас етеді. Жанқожа батырдың есімі осы кезден бастап орыс деректерінде жиі кездеседі. Оның себебі, батырдың осы өңірдегі ең белгілі тұлға болуынан деп білеміз.

Арал маңы мен Сырдың төменгі ағысы бойына бекініп алған Ресей әкімшілігі жергілікті халықтың жақсы жерлеріне жаңа салықтарды енгізе бастайды. Міне, бұл жағдай да батырды қайта атқа отырғызады. Ресейдің отарлау саясатының өңірде күшеюіне қарамастан 1856-1857 жылдары батыр халық көтерілісіне басшылық етеді. Бұл жөнінде де тарих ғылымында арнайы зерттеу жұмыстары бар.

Жалпы қорыта келе, Жанқожа батырдың өмір сүрген заманы қазақ тарихындағы ең бір қиынқыстау кезең болды деп санаймыз. Қазақ қоғамындағы билеуші топтар арасында ішкі бірліктің болмауы мемлекеттің әлсіреуіне, ал одан кейін оның құйылуына алып келеді. Қорғанынан айырылған халық бір жағынан Хиуа, Қоқан секілді хандықтардың езгісіне түсіп, қорлықтың небір түрін көрсе, екінші жағынан Ресей отаршылдығының ауыр азабына тап болады. Жеке басының мүддесін ойлаған небір билеуші топ өкілдері сатқындық жолына түссе, Жанқожа батыр секілді қарапайым халықтан шыққан тұлғалар намыс пен елдікті ту етіп ұстап, бар күшімен айқасқа түседі. Міне, осындай тұлғалардың өмірі қазіргі қазақ халқы үшін әрі үлгі, әрі өнеге болса керек. Қазіргі заман дағы күрделі үдерістер қашан да тарихтан сабақ алуға итер ме лейді. Жанқожа батыр заманының ең басты тарихи сабағы – ұлттық мемлекетті сақтау болса керек. Ол үшін қоғамда, оның мүшелері арасында бірлік болуы тиіс. Сонда ғана қазақ қоғамы өзінің алдында тұрған тарихи міндеттерді шеше алады, жаңа заманның жаңа талаптарын орындай алады.

Берекет КӘРІБАЕВ

Қазақстан Республикасы ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор.

ҚЫЗЫЛОРДА.